

**Бракераж комиссиясы отырысының
№5 ХАТТАМАСЫ**

Күні:08.01.2024 ж.

Қатысқандар

Комиссия төрағасы Шалабаева Н.А.

Комиссия мүшелері:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Баймульдина А.Ж.

Ата аналар комитетінің төрағасы -Курманова А.Е.

Кәсіподақ ұйымының төрайымы - Айгазинова А.Т.

Қамқоршылық кеңес төрайымы - Куликбаева Н.Н.

Ата-аналар комитетінің мүшесі - Нұрболат К.

Мектеп медбикесі - Асанова А.С.

Күн тәртібінде:

1. Көпбалалы және АӘК алатын отбасылардың шыққан балаларды тегін ыстық тамақпен қамту туралы
2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Тыңдалды:

1. Көпбалалы және АӘК алатын отбасылардың шыққан балаларды тегін ыстық тамақпен қамту туралы

Жаңа оқу жылында мектебімізде 75 оқушыны құрады. Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасы»

Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 75 құрап отыр. Оның ішінде тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың саны 52 болса, демеушілік есебінен әзірге 33 оқушы ыстық тамақпен қамтылды.

2.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Баймульдина А.Ж.

Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Тексеру комиссиясының кестесіне сәйкес комиссия мүшелері ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша рейдтерді уақытылы өткізді. Қараша айындағы тексерудің нәтижесі төмендегідей.

Мектеп асханасының жұмысын тексеру барысында ыстық тамақтың сапасы белгіленген нормаға сәйкес орындалып жатқанын анықтадық. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан, толық емес отбасындағы, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен тегін және жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтылған. Жалпы қамтылған оқушылар саны – 52, демеуші есебінен тамақ ішетін оқушылар саны – 33 оқушы. Бұл оқушылар күнделікті белгіленген уақытта тамақтанып жүр.

Комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексіріс асхана залының жалпы тазалығын және оқушылардың қол жуатын орнын

басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын бөлмелер мен тоңазытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы тексерілді.

Асхана қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшалары бар. Тамақ жасауға пайдаланатын заттарды алып келетін фирмалармен жасалған келісімшарттардың бар екендігі де тексерілді.

Мектеп асханасын зерделеу мақсатында аудандық комиссия мүшелерінің қорытындысына сәйкес мектеп асханасының сапалық құрамы, рецикулятордың болмауына және диспансердегі суды ауыстыруға байланысты байланысты ескертулер жасалды. Мектеп асханасының арендаторы олқылықтардың орнын толтыруға байланысты жұмыс жүргізуге ұсыныстар айтылды.

Мектеп асханасында ата-аналар, ұстаздар, оқушылардың шағымы мен ұсыныстары үшін арыз-шағым дәптері және онлайн арыз-шағымды қабылдау платформасына сілтеме қойылған. Дегенмен, ешқандай арыз-шағым түскен жоқ. Ата-анамен сынып жетекшілер арқылы байланысып, ата-аналардың мектеп асханасындағы ыстық тамақ туралы кері байланыс алып отырмыз. Әзірге, баға-қанағаттанарлық.

Шешім:


1. Ыстық тамақтың сапасын арттыру мақсатында ата-аналардан кері байланыс алынсын.
2. Мектеп асханасындағы олқылықтардың орнын жою үшін мектеп асханасының арендаторы ұсыныстар айтылып, профилактикалық әңгімелесу жүргізілсін.


Қатысқандар


Комиссия төрағасы Шалабаева Н.А. 


Комиссия мүшелері:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Баймульдина А.Ж. 

Ата аналар комитетінің төрағасы - Курманова А.Е. 

Кәсіподақ ұйымының төрайымы - Айгазинова А.Т. 

Қамқоршылық кеңес төрайымы - Куликбаева Н.Н. 

Ата-аналар комитетінің мүшесі - Нұрболат К. 

Мектеп медбикесі - Асанова А.С. 